

"Магистральдық темір жол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерімен ( тауарларымен, жұмыстарымен) технологиялық жағынан байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының міндетін атқарушысының 2006 жылғы 18 тамыздағы N 208-НҚ және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 21 тамыздағы N 212 бірлескен бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы"

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2007 жылғы 28 қарашадағы N 302-НҚ, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2007 жылғы 17 қарашадағы N 240 Бірлескен бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 14 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5039 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 25 және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 199 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.04.2020 № 25 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 13.04.2020 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.  
Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

### **БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҒЫ**

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабының 1-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Магистральдық темір жол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерімен ( тауарларымен, жұмыстарымен) технологиялық жағынан байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының міндетін атқарушысының 2006 жылғы 18 тамыздағы N 208-НҚ және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 21 тамыздағы N 212 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4373

нөмірмен тіркелген, "Ресми газетінде" 2006 жылғы 7 қазандағы 41 (303) нөмірінде және "Заң газетінде" 2006 жылғы 15 қыркүйектегі 166 (1146) нөмірінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистральдық темір жол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерімен (тауарларымен жұмыстарымен) технологиялық жағынан байланысты қызмет түрлерінің тізбесінде:

1-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 - тармақтармен толықтырылсын:

"3. Ұзынөлшемді рельстік бунақтарды дәнекерлеу бойынша қызмет көрсету.

4. Локомотивтік радиостанцияларды, үздіксіз үлгідегі автоматты локомотивтік сигнал берудің қауіпсіздік приборларын және машинистің қырағылығын бақылау құрылғыларын құрастыру, жөндеу бойынша және басқа да қызметтер көрсету.

5. Темір жол учаскелерін диагностикалық техникамен тексеру бойынша қызмет көрсету.

6. Өрт сөндіру, қалпына келтіру техникасымен, соның ішінде кранмен қызмет көрсету.

7. Негізгі қызметке жатпайтын темір жол көлігіндегі автоматтандырылған басқару жүйелерін пайдалана отырып, ақпараттық қызмет көрсету.

8. Темір жол көлігіндегі автоматтандырылған басқару жүйелеріне дерекқорларына қол жеткізу.

9. Магистральдық темір жол желісі операторының мұқтаждары үшін жеткізушілер әкелген тауарлы-материалдық құндылықтарды жауаптылықпен сақтау.

10. Жол техникасының (арнаулы жылжымалы кранның) қызметін ұсыну.

11. Телефондық және телеграфтық байланыс қызметтері.

12. Байланыс арналарын пайдалануға беру.

13. Сигнал беру, орталықтандыру, бұғаттау құрылғыларын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету.

14. Есептеу техникасы құралдарын жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және бағдарламалық қамтамасыз ету."

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Темір жол көлігі, азаматтық авиация және порттар саласындағы реттеу департаменті (Г.Қ. Ыбыраева) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Е.О. Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оның заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының және "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Н.Ш. Алдабергеновке және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан  
және коммуникация министрі  
Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу  
агенттігінің төрағасы

Республикасының көлік